

the past 30 years are analyzed, which describe the ability to correctly use artistic expressions, problems of syllables and rhymes, the poet's originality and rhythm.

The article is written within the framework of the project AP19574645 "typology and poetics of modern aitys", implemented with grant funding from the Ministry of research and development of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

Key words: modern aitys, poetics, syncretism, drama, artistry, folklore.

REFERENCES

- 1 Saudbayeva M. et all. Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122.
- 2 Kaskabasov S.A. Aitistanu: Scientific collection. - Astana: Zhalgas – Print.
- 3 Berdibayeva S. et all Psychological Structure of “Aitys” as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore// World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences, 2012. Vol:6, No:5, p.857-859
- 4 Toyshanuly A. Aytys: tribal period, classification, today's condition. Star. - No. 4, 2012.
- 5 <https://youtu.be/pDHaMG-6bpU?si=hUIpaBVuJVwhBcli>
- 6 https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j_zslgxBZ
- 7 Linear R. Poet's speech: today and tomorrow\\ Kazakh literature, 1998.
- 8 Kabdolov Z. Art of speech\ textbook - monograph. - A., Category. 2002.
- 9 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022, Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>
- 10 Mursalimova N.M., Oralbek A. Characteristics of the aitys genre among kazakh and turkish people//Scientific journal "Keruen " No.3, volume 80, 2023.

Received: 03.06.2024

MFTAP 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp209-221](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp209-221)

Г.Т. Шаймерден¹, Н. Темур²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²Гази университеті, Анкара, 06000, Түркия

А. ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕР: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттеу жұмысында қазақтың ұлы ақыны, философ-ойшыл А.Құнанбайұлының қара сөздерінде қолданылатын сұраулы сөйлем құрылымдары мен семантикалық ерекшеліктері қарастырылған. Абай шығармашылығында адам маңызды орын алады. Зерттеу нысанына алынып отырған А.Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде адам мінезінің түрлі жақтарын, жан мен тәнді, махаббат пен гадаләтті, адамгершілік пен надандықты, ақиқат пен зұлымдықты тереңнен толғай отырып, адамның жағымды мінездерін өз оқырманына үлгі қылып көрсетіп, жаман мінездерден жиіркенуіне насихаттайды. Ойшыл-ақын шығармаларында жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ, бала психологиясы мен қоғамдық психологияның жекелеген мәселелері де (адамның жеке басына жіне жасына байланысты ерекшеліктері, әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеу және т.б.) көрініс тапқан.

А.Құнанбайұлы философиялық ойларын тұжырымдап, оқырманға жеткізуде сұраулы сөйлем түрлерін жиі қолданған. Зерттеу жұмысының мақсаты – А.Құнанбайұлының қара

сөздеріндегі сұраулы сөйлем құрылымдарын анықтап, жасалу жолдарын, құрылымдық-семантикалық сипатын қарастыру. Қойылған мақсатқа сай зерттеу жұмысында сұраулы сөйлемдер жеке синтаксистік құрылым ретінде қарастырылып, олардың құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Әрі А.Құнанбайұлының қара сөздерінде қолданылған сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдары талданып, қолданылу жиілігінің статистикасы берілді. Сұраулы сөйлем басқадан жауап күту, тыңдаушының ой-пікірін білу мақсатымен қатар, пікір білдіру, ақпарат беру мағынасында қолданылатыны, әрі түрлі модальді мағыналарды үстейтіні талданды.

Кілт сөздер: А.Құнанбайұлы, қара сөздері, сұраулы сөйлемдер, сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, интонация.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстардың функционалды және коммуникативті қырын зерттеу маңызды орын алып, тілдің прагматикалық аспектісіне қызығушылық артып келеді. Сұраулы сөйлемдер құрылымы жағынан күрделі тілдік бірліктердің бірі болғандықтан, оны зерттеу үлкен қызығушылық тудырып отыр.

Қазақ тілінде сұраулы сөйлемге қатысты алғашқы болып зерттеген ғалымдар А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов болды. Аталған ғалымдар сұраулы сөйлемге анықтама берумен шектелмей, интонацияның әдеби тіліміздің қолданысында алуан түрлі қызметте жұмсалып, айтушының әр жақты көңіл-күйін білдіріп отыратыны жайлы тұжырымдарын жеткізген.

Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдер, басқа тілдердегі сияқты, бір нәрсені анықтау үшін қойылған сұраққа міндетті түрде жауап күту мақсатымен айтылған сөйлемдер болып табылады. Сонымен қатар олар өзінің екінші қызметі, тек жауап алу үшін емес, ақпарат беру, пікір білдіру үшін де жұмсалып, түрлі коммуникативтік қызмет атқаратыны анықталды.

Аталған зерттеу жұмысында қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаевтың қара сөздеріндегі сұраулы сөйлемдердің семантикасы мен құрылымын қарастыру көзделген. Абай шығармашылығының қастерлі құндылығы оның көркемдік әлемінде. Ақынның шығармашылығында жарқын, шынайы көрініс тапқан құбылыстар ақынның көркемдік әлемінің семантикалық арқауы қызметін атқарады. Оның үстіне ақынның көркемдік әлемінің семантикалық арқауын түзетін осы құбылыстардың мезгілдік және мекендік кеңістігін нақты көрсетіп, белгілі бір шеңберге салып қалыптау мүмкін емес. Ақынның көркемдік әлемінің семантикалық өрісі өмірдің шындық болмысының өткен немесе осы, болмаса келер шағының нақты мекендік кеңістігінің қалыбына сыймайды, бірақ сай болуы ғажап емес. Ақынның көркемдік әлемінің қастерлі құндылығы, оның нақты мезгілдік және мекендік межеге сыймас мәңгілік мәнінде.

Абайдың көркемдік әлемінде көрініс тапқан құбылыстардың мағынасы, мазмұны, мәні күрделі, көп қатпарлы, көп сатылы. Мұның өзі ақын шығармаларының онтологиялық қырларының байлығын білдіреді. Ал әдеби шығарманың онтологиялық көпқырлылығы оның мағыналық-құрылымдық жүйесінің бүтіндігіне, көркемдік әлемінің кемелдігіне жеткізеді. Ондағы мағынаны табу, анықтау, түсіну, пайымдау, бағалау оңай емес. Ақынның көркемдік әлемінің семантикалық кеңістігіндегі астарлы, ауыспалы, символдық мағынаны танып, білу де, жасырынулы бүркемелі мәнді табу мен тану да қиын. Өйткені мұның жолдары, әдістері мен тәсілдері, ілгеріде айтылғандай, теориялық деңгейде жеткілікті негізделген емес. Осыған орай, әр зерттеуші, әр оқырман, әр қабылдаушы әдебиеттің, қаламгердің көркемдік әлеміндегі нақты ашық немесе астарлы, жасырын, мәтіннен тыс мәнді өзінше, өз танымы деңгейінде пайымдайды. Сол себепті көп жағдайларда көркемдік әлем семантикасының, шығарма мәтінінің немесе оның белгілі бір мағыналық-құрылымдық бірлігінің нақты мазмұны, астарлы мағынасы ашылғанмен, жасырын немесе мәтіннен тыс мәні, оның поэтикалық қызметі пәнаралық іргелі ғылыми-зерттеу нәтижесінде ғана анықталмақ.

КІРІСПЕ

Абайдың көркемдік әлемінде бір ауыз сөздің немесе бір шумақ өлеңнің, ия болмаса оның бір тармағының мәтіндегі нақты және образды, астарлы және жасырын мағынасы, логикалық семантикасы арасында үлкен айырмашылықтар, сан түрлі байланыстар бар. Қолданылған тілдік бірліктерінің лексикалық, грамматикалық мағыналарын нақты білу маңызды, бірақ бұл білім ондағы мазмұнды түсінудің, мәнді пайымдаудың жеткілікті кепілі бола алмайды. Абай шығармаларының тілдік бірліктерінің жалпы не жалқы мағынасынан көркемдік әлемінің логикалық семантикасы кеңістігінде ашылатын поэтикалық мән әлдеқайда көрнекті. Сондықтан ақын шығармаларының көркемдік әлемінің семантикасы жүйесіндегі образды құрылым арқылы ашылатын поэтикалық ойдың маңызы өлшеусіз жоғары. Бұл жерде жасырынулы, мәтіннен тыс мәннің белгілі бір құрылымдық бірліктердің өзара, сондай-ақ шендес, шектес, тектес құбылыстармен арақатынасы арқылы ашылатын образ бен образдылықтың атқаратын қызметі зор.

Абайдың көркемдік әлемінің семантикалық өрісінде сөздің образдылығы, мағыналық-құрылымдық бірліктің образдылығы, жасырын мәннің образдылығы, жасырын мағыналық-құрылымның образдылығы, өлең мәтінінің образдылығы және осылардың өзара байланыстары, бірлігі мен тұтастығы секілді мәселелерді бір-бірінен бөле-жармай, өзара байланыста қарастырудың маңызы үлкен [1, 4]. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің ерекшеліктері мен құрылымына тоқталар болсақ, аталған сөйлемдер грамматикалық тәсілдер мен интонациялық белгілер арқылы жасалады. Найтылайтын болсақ, мұндағы грамматикалық амалдар төмендегідей: 1) сұрау шылаулары; 2) сұрау есімдіктері; 3) сұрау мағынасын туғызушы одағайлар – ә, ау, апыр-ай, япырау, т.б.; 4) сұрау мағынасын туғызатын модаль сөздер: болар, шығар, бәлкім, мүмкін; 5) сұрау мағыналы қыстырма сөздер – кәне, сірә, амал не, әлде, кім білсін; 6) сұрау мағыналы көмекші қосымшалар – -ғой, -мыс, -ше, -шы, -ші. Бұған қоса тілдегі сөйлем құрамын анықтай білуде интонация айрықша қызметке ие болады. Ол өзінің ерекше дауыс ырғағы арқылы ешбір қосымша амалдарды қажет етпей-ақ сөйлем түрлерін ажыратады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – А.Құнанбайұлының қара сөздеріндегі сұраулы сөйлем құрылымдарын анықтап, жасалу жолдарын, құрылымдық-семантикалық сипатын қарастыру. Қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысында, алдымен, сұраулы сөйлемдердің мағыналық топтарына, жасалу жолдарына тоқталып, А.Құнанбаевтың қара сөздерінде сұраулы сөйлемдердің қаншалықты жиі қолданылатынын, қандай прагматикалық мақсатты көздейтінін, әрі құрылымдық тұрғыдан қалай рәсімделетінін зерттеу міндеті қойылып отыр. Зерттеу нысаны ретінде А.Құнанбаевтың 45 қара сөзінің мәтіні алынды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу жұмысында А.Құнанбаевтың қара сөздеріндегі мәтіннің тілін зерттегендіктен, мәтінді кешенді талдау әдісі қолданылады. Сипаттамалық-аналитикалық әдіс зерттеу мәселесі бойынша лингвистикалық әдебиеттерді қарастыру, ғалымдардың пікірлерін сұрыптап, қорытынды шығаруда қолданылады. А.Құнанбаевтың қара сөздеріндегі сұраулы сөйлемдердің құрылымын талдау, оның семантикалық, прагматикалық сипатын анықтауда анализ, синтез әдістері, дедуктивті және индуктивті әдістер қолданылады. Мәтіндік талдау барысында мәтіндегі тілдік бірліктердің функциясына талдау жасалады. Сондай-ақ, мәтінді зерттеу кезінде қолданылған когнитивті әдіс мәтін астарындағы ақпаратты, жасырын ойларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі тіл білімінде сұраулы сөйлемге «сұрау мақсатындағы сөйлем» деген анықтама беріледі. Мысалы, Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» сұраулы сөйлемге мынадай анықтама беріледі: «Сұраулы сөйлем – басқа біреуден жауап алу мақсатымен айтылатын сөйлем» [2, 316]. Сұраулы сөйлемнің белгілеріне, әдетте, сұраулық шылаулардың, сұраулық интонацияны, арнайы орын тәртібін жатқызамыз. Ал сұрақ деп

қарым-қатынас жасау мақсатының бір түрін, яғни қарым-қатынасқа түсуші адамды оған қаратыла айтылған лебізге жауап беруіне түрткі болуды айтады. Егер осы қағиданы басшылыққа алатын болсақ, онда көптеген сұраулы сөйлемдер сұрақ мағынасына ие емес болып шығады. Бұл топқа, әсіресе, риторикалық сұраулы сөйлемдерді жатқызуға болады. Олар сұраулы сөйлемге тән барлық белгілерге ие болса да, әңгімелесушіні жауап беруге ешқандай да түрткі болмайды. Мұндай жағдайлар грамматикалық оқулықтарда факт ретінде аталады.

Сұраулы сөйлемдердің құрылымдық ерекшелігіне байланысты ескеретін, зерттеуді қажет ететін тұстары көп. Мысалы, кез келген сөйлемнің, тіпті күрделі сөйлемнің құрамындағы бір компоненті хабарлы интонациямен айтылса, ал екінші компоненті сұраулы интонация болса, онда мұнда екі мағыналық реңктің бірігуі деп тұжырымдауға болады. *Мысалы: Егер сіз мәтінді қазір аударып бастасаңыз, қашан аяқтайсыз?* сөйлемнің бірінші компоненті шартты интонация да, екінші сөйлемі сұраулы интонациямен айтылады. *Біз бүгін тауға барсақ, қайтеді, ә?* сөйлемінде тек бір ғана *ә* компоненті сұраулық интонацияға ие болып тұр, десек те бірінші сөйлем де тұтастай алғанда жауап беруді көздеп тұр, ал екінші сөйлем жауап беруді, келісімді немесе қарсы пікірді білдіреді. *Сіздің ойыңызша, барлығына сіз бастама жасадыңыз, иә? Ал шын мәнінде, сіз ештеңе де ұйымдастыра алмадыңыз.* Бұл сөйлемнің бірінші компоненті сұраулы интонациямен, ал соңғы компоненті болымсыз сөйлем, ал жалпы алғанда сөйлем ешқандай да жауап алу мақсатында айтылмайды.

Сөйлем күрделі тілдік бірлік болып табылады және кез келген таңба сияқты өзара байланысты екі жағы бар: сыртқы жағы (формасы, білдіру құралы) және мазмұны (мағына, мазмұны). Сыртқы формасын жеткізу құралымен сөйлемнің құрылымдық аспектісі айналысады, ал мазмұнымен оның семантикалық, коммуникативтік және прагматикалық аспектісі айналысады.

Сұраулы сөйлемдер формальді-грамматикалық және семантикалық құрылымдарымен, функционалды-коммуникативті қызметімен, интонациясымен ерекшеленеді.

НӘТИЖЕЛЕР

Сұраулы сөйлем сөйлеуде, ең алдымен, сұрақты білдіру үшін қызмет ететін синтаксистік бірлік болып табылады. Сұрақ – авторда болатын ақпараттың белгісіз бөлігін іздеуге бағытталған коммуникативтік әрекеттің түрі. Бұл коммуникативтік мақсатты жүзеге асыру үшін сұраулы сөйлем құрамында арнайы құралдар болады, олардың көмегімен сұраулы мағынаның екі ерекше компоненті атауға болады: «білмеушілік, белгісіздік» семасы мен «білуге құштарлық» семасы. Сондай-ақ, тіл білімінде сұраулы сөйлемнің өзіне тән ерекшелігі деп оның белгісіздікті анықтауға бағытталуы саналады, бірақ кез келген сұраулы сөйлем ондай қасиетке ие емес, оған мысал ретінде «сұрақтан хабарламаға өтетін сипаты бар» сөйлемдерді атауға болады [3, 350]. Осыған байланысты сұраулы сөйлемдер ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, ашық сұрақты білдірмейтін сұраулы сөйлемдер деп шартты түрде бөлуге болады.

Қазіргі таңда көптеген зерттеулер интонациялық құрылымдарды анықтауға арналып келеді. Мысалы, әзірбайжан тілінде 6 интонациялық құрылымдар; қырғыз тілінің сұраулы сөйлемдерінде 8 ырғақты-күй үлгілер анықталған. Х.Юлдашева «өзбек тіліндегі сұраулы сөйлемдерде 10 интонациялық үлгілер кездеседі» деп тұжырымдайды [4, 20].

Профессор М.Балақаевтың сұраулы сөйлемдердің жасалуының мынадай түрлерін көрсетеді: 1) сұрау шылаулары арқылы; 2) диалогта қолданылатын «ау, ә» шылаулары арқылы сұрау интонациясымен айтылып, жауап беруді талап ету арқылы; 3) «шығар, болар» деген модаль сөздердің көмегі арқылы жасалады. Ғалым сұраулы сөйлемдерді бес түрге бөліп қарайды: 1) ашық сұрақты білдіретін; 2) қарсы сұрақты білдіретін; 3) күмәнді сұрақты білдіретін; 4) таңырқаулы сұрақты білдіретін; 5) риторикалық сұрақты білдіретін сөйлемдер [5, 14].


С.Аманжолов пен А.Әбілқаев сұраулы сөйлем жасалуының төрт жолына көңіл бөледі: а) сұрау есімдігінің қатысуы арқылы; ә) ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулы шылауларының қатысуы арқылы; б) ғой, ау, ше, шы демеуліктері арқылы, в) сірә, ә, мүмкін сияқты оқшау сөздердің; г) болар, шығар, қайтеді деген модаль сөздердің қатысуымен; ғ) сұрау интонациясы арқылы жасалады [6, 14-15].

Ғалымдардың еңбектерін сұрыптай келе, сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын төмендегідей көрсетуге болады (1-сурет).



1-сурет. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары

А.Құнанбайұлы өз оқырмандарына ойын жеткізуде немесе ойландырғысы келген жағдайда сұраулы сөйлемдерді жиі қолданады. Сұраулы сөйлемдердің қаншалық жиі қолданылатынының статистикасын жасап көрелік. Ол үшін А.Құнанбайұлының 1-ден бастап 25-қара сөзіне дейін сұраулы сөйлемдердің қаншалықты жиі қолданылғаны анықталды. Статистикалық деректерді 1-диаграммадан көруге болады, «қара сөзі» шартты түрде қ.с. деп белгіленді:



1-диаграмма. А.Құнанбайұлының қара сөздеріндегі сұраулы сөйлемдердің жиілігі (1-25 қ.с.)

Диаграммада берілген мәліметтен А.Құнанбайұлы қара сөздерінде өз ой тұжырымын жеткізуде немесе белгілі бір мәселеге оқырманның назарын аудартуда сұраулы сөйлемдерді жиі қолданатынына көзіміз жетті. Тіпті кейбір қара сөздері түгелімен дерлік сұраулы сөйлемдер арқылы беріледі, мысалы, 10-қара сөзінде 59 сөйлем қолданылса, соның 27-і сұраулы сөйлем, ал 23-қара сөзінде 26 сөйлем қолданылса, соның 20-ы сұраулы сөйлемдер арқылы берілген.

Келесі кезекте А.Құнанбайұлы өзінің философиялық тұжырымдарын жеткізуде сұраулы сөйлемдердің қай түрін, қай жасалу формасын қолданатынына назар аудардық. Негізінен А.Құнанбайұлы сұраулық шылаулар, сұрау есімдіктері, сұрау мағынасын туғызушы одағайлар және интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлемді қолданады. Бірқатар мысалдармен дәлелдей түссек:

1) сұрау шылаулары арқылы: Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен *жүре аламыз ба?* Үнемі күлмей жүруге жан *шыдай ма екен?* (4-қ.с.); Іздеген еліміз *сол ма?* (5-қ.с.); Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың *ызасынан ба*, өзіме-өзім *ыза болғанымнан ба*, яки бөтен бір *себептен бе?* – еш білмеймін. (9-қ.с.); Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз *кеткені ме?* (11-қ.с.); Тірі адамның жүректен аяулы жері *бола ма?* (14-қ.с.); Көпке тұзағым *жетпейді деп пе?* Ғылым көпке *келіп пе?* Біреуден *тарап*

на? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме?(23-қ.с.)

2) сұрау есімдіктері арқылы: Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? (6-қ.с.); Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды? (11-қ.с.);

3) сұрау мағынасын туғызушы одағайлар – ә, ау, апыр-ай, япырау, т.б.: Біреу ақыл айтса: «*Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің?*» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз. (7-қ.с.); Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейіншілерге «*әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!*» – дейтұғын болмаққа ойланбақ.(18-қ.с.) *Ай, құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғын жомарттығы – әртүрлі белгісі бойынша тұрмас па еді?* (30-қ.с.)

4) Интонация арқылы: *Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын* (1-қ.с.).

Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, А. Құнанбайұлы өзімен ішкі монолог жүргізіп, оқырманын сұрақпен жаудырып, түйінін, жауабын өзі тарқатып жеткізіп отырады, әрі өзін толғандыратын сауалдарды сұраулы сөйлемдер арқылы жеткізеді.

А.Құнанбаев сұраулы сөйлемдерді түзуде сұрау есімдіктерімен қоса, сөздердің орын тәртібін ауыстыру тәсілін қолданады. Сөздердің орын тәртібі синтаксистік байланыстардың басты түрінің бірі ретінде сөйлемдегі сөздердің қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Сөйлем мүшелерінің қалыпты орнынан жылжып отыруы – сөздердің стильдік қызметіне, автордың прагматикалық мақсатына байланысты болады. Мысалы, Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш? Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш? (23-қ.с.);

Бірде А.Құнанбайұлы жұртшылық атынан сөйлеп, белгілі бір сауалдарға жауап іздейді, сол мәселелерге назар аударуды көздейді. Мысалы, 30-қара сөзінде: *Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ. Мойынын бұрып қойып: «Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба?» – деп бұлғақтап, немесе: «аяғаным жаным ба? Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?», – деп қалшылдайтұғын кісі көп қой.*

Оқырманын аталған мәселеге назар аудартып, жауабын, түйінін өзі жеткізіп отырады: *Өздерің көріп жүрсіңдер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін гана көрсетеді-ау: «қиылып қана қалайын» деп. Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны гой!* (30-қ.с.)

Абайдың қай қара сөзін алсақ та, жүрекпен түсініп, көңілге түйетін мәселелер мол екенін аңғарамыз. Аталған қара сөзінде де артық мақтаншақтық, асыра сөйлеу адам баласына сын екенін дәлелдеп, арам ойдан алшақ болуға шақырады. Барлық адамзаттың өзге тіршілік иелерінен сөйлей алатын қабілетімен ерекшеленіп тұратын қасиеті бар. Сондай қасиеттерінің бірі де бірегейі – бір іске икемді болуы. Ішкен тамаққа тойып алып, бүк түсіп жата беру адам баласына үлкен сын болмақтығын түсіндіреді.

Хакім қолданған сұраулы сөйлемдер жауапты қажет етпейтінін, белгілі бір мәселеге көңіл аударуды қажет ететінін аңғару қиын емес. Осы орайда, сұраулы сөйлемдердің функционалдық қызметіне қатысты ғалым М. Серғалиевтің де пікірін айта кеткен орынды. М.

Серғалиев: «Баяндауыштың ұйымдастырушылық, ұйытқы боларлық қызметінің арқасында сөйлемдер өзара синоним болады. Мәселен, сұраулы сөйлем хабарлы сөйлем арқылы берілетін ойды білдіреді: *«Бөкем» деп сүйген әкесін, оның «адал бол, қалқам» деп тілеген тілегін, «сергек бол» деп сенген ұясын кім сағынбайды? (Б. Момышұлы).* Осындағы екінші сөйлемді жазушы хабарлап жеткізуші ретінде ... әркім сағынады деп аяқтаса болғандай. Бірақ берілген жағдайда оқырманына әсер беріп, ой салып, жігерлендіру үшін әдейі сұрақ түрінде келтірілген. Сөйтіп, бұл – тұлғалық жағынан өзгеше болып, сұраулы сөйлем түрінде келтірілгенімен, мазмұны жағынан хабарлы сөйлемнің синонимі» [7, 61]. Ғалым М. Серғалиевтің пікірін ескере отырып, А.Құнанбаевтың 37-қара сөзіндегі *«Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» (37-қ.с.)* сұраулы сөйлемін талдайтын болсақ, риторикалық мәнді сұраулы сөйлемнің баяндауышы автор ойының көтеріңкі пафоспен айтылуына себебін тигізді де, етістікке сұраулық шылау мен көмекші етістік жалғанып, жасалғанмен, «иә» деп құптарлық мазмұнын танытады. Баяндауыштың осы қасиеті сол сөйлемдердің олардың жауап болуға тиіс сөйлемдерге синоним болуына мүмкіндік береді. Яғни сұраулы сөйлем түрінде құрылғанымен, берер мағынасы еріксіз сендірерліктей айтылған сөйлемдер хабарлы сөйлеммен синоним болып келеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Сұраулы сөйлемдер, олардың жасалу тәсілдері әрдайым шетелдік лингвистердің де қызығушылығын тудырған. Нақтылап өтетін болсақ, Murugova, E. V. (2007) [8], Skljarova, N. G. (2006) [9], Gorjian, B., Pazhakh, A., & Naghizadeh, M. (2012) [10].

Сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік жұмсалымын толық түсіну үшін, алдымен, оның түрлерін қарастыруды жөн көрдік. Сұраулы сөйлемді түрлерге бөлуде кейбір ғалымдар оның грамматикалық белгілеріне сүйенсе, енді біреулері интонациясына қарап ажыратады.

А.М.Пешковский «ашық сұрақ» және «сұраулы-хабарлы», яғни құрамында жауаптың анық беріліп тұрғандығын айқындайтын сұрақтың түрін көрсетеді [3, 358]. В.С.Любопытнова сұраулы сөйлемнің түрлерін оның логикалық белгісіне қарап бөледі: «Первую группу вопросов, направленную на отыскание предиката, мы называем абстрактно-предикативными, вторую группу вопросов, наличествующего уже в самом вопросе, мы называем конкретно-предикативными» [11, 33]. Мұндағы сұрақтың түрі, жоғарыда айтып кеткеніміздей, сұрау есімдіктері мен интонация арқылы жүзеге асатындығы түсіндіріледі.

Қырғыз тіліндегі сұраулы сөйлемнің мағыналық ерекшеліктеріне қарай И.Джакубов сұраулы сөйлемдердің бес түрін көрсетеді: 1) тура сұрақты білдіретін сұраулы сөйлем (Сен Москвадан қашан келдің?); 2) тыңдаушының ойын білгісі келгенін білдіретін сұраулы сөйлем (Бұл алып келгенімді не қылайын?); 3) айтылған ойды мақұлдау мағынасындағы сұраулы сөйлем (Жұмысқа тағы он кісі керек деші?); 4) күдіктену мағынасындағы сұраулы сөйлем (Оның үйіне барғанымыз қалай болар екен?); 5) өкіну, күйіну мағынасындағы сұраулы сөйлем (Ей, шайтан алғыр, енді не істедік?) [12, 84].

Профессор А.Н.Нұрмаханова өзбек, қарақалпақ, қазақ тілдеріндегі жай сөйлемнің түрлеріне тоқталады, оның ішінде сұраулы сөйлемді түрлерге бөлуде модальдылық пен интонацияны басшылыққа алады. Оған қоса, жалпы және мақұлдау мағынасын білдіретін сұраулы сөйлемнің екі түрін көрсетеді [13, 38].

Сұраулы сөйлемдердің модальдылыққа қатысы туралы тіл білімінде әртүрлі пікірлер орныққан. Алайда, көркем шығармалардағы контекстке сүйенетін болсақ, сұраулы сөйлемдер модальдылық реңк тудырудың белсенді амалдары ретінде қолданылады. Екі ұшты пікірдің қалыптасуы – сұраулы сөйлемдерді тек сұрақ қою функциясымен шектеп қарауға байланысты. Зерделеп қарайтын болсақ, сұраулы сөйлемнің астарында әртүрлі модальді реңктер көрініс табады. Мысалы, сұрақ-күдік, сұрақ-құптау, сұрақ-құптамау, сұрақ-өкіну, сұрақ-болжау т.б. Мұндай модальді реңкі бар сұраулы сөйлемдер мәтіндегі басқа сөйлемдермен байланысып, мағыналық-құрылымдық тұтастықты ұстауға ықпал етеді. Сұраулы сөйлемдердің модальді реңк үстеу қызметін төмендегі контекстен байқауға болады. Мұндағы сұраулы сөйлемдер, бір

жағынан, контекстің құрылымдық байланысын сақтауға тірек болса, екінші жағынан «өкініш», «белгісіздік», «болжалдылық», «қажеттілік», «күмән, күдіктену», «өкініш, қайғы» сияқты модальдылық мағына берудің амалдары ретінде қолданылады. Мысалы, А.Құнанбайұлы іштегі өкінішін сұраулы сөйлемдер арқылы жеткізеді: *Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? Әй, не болсын!.. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма? (24-қ.с.)*

Белгісіздік мағынасын сұраулы сөйлем арқылы жеткізеді: *Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? (4-қ.с.)*

Сол сияқты А.Құнанбайұлының қара сөздерінде күдік, болжам мағынасында қолданылған сұраулы сөйлемдерді кездестіруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай қара сөздерін прагматикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, Абайдың қара сөздері көркем прозаның өзінше бір бөлек, бір алуаны болып саналады. Бұлар сюжетті шығармалар емес, жазушылар осыған дейін қолданған естелік, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді. Қара сөздері арқылы Абай өзінің көпшілік оқырманымен, тыңдаушысымен әңгімелеседі. Және сол әңгіменің үстінде адамгершілік мәселелерінен: әділет, ақтық, турашылдық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты жайларды айтады. Немесе адамдық сипаттың жауы болатын аярлық жалғаншылық, бәлекұмарлық, мақтаншақтық, мансапқорлық, өсекші-өтірікшілік, еріншектік, әр алуан арам-тамақтық сияқты мінездердің бәрін айтқанда, Абай сол жайларды тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлайды. Мысалдарды қазақтың Абай заманындағы күнделік болмысынан алады. Сол мысалдарды кейде күлкіге сайып, мысқыл әжуа халдерді әдейі айқындай түседі. Әңгімесі тыңдаушысына пайдалы өсиет болумен бірге, көңілді айтылып, қызықты боп жетсін деген мақсатты ойлайды. Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогикалық жақсы әдіс қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-өсиетін жеткізеді. Кейбір өсиет, озғын ойлар тыңдаушылардың санасына жетпеуі де мүмкін. Сол себепті өлең сөздерінде ұзақтан, тереңнен айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын анық сыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қара сөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады [14, 327-328].

Абай оқырманымен бетпе-бет отырып, әңгімелесу стилін қалағандықтан, "Қара сөздердің" тексінде ауызекі сөйлеу нормалары: дауыс ырғағына құрылған сөйлем түрлері, тыңдауға жағымды ұйқасты сөздер мен ырғақты қатарлар көзге түседі. Мысалы, 1-сөзінің өзінде-ақ интонацияға құрылған, яғни ауызша айтып, құлақпен тыңдауға лайықталған сөз орамдары бар: *Ел бағу? Мал бағу? Балаларды бағу? Ғылым бағу?* деген сөздердің сұраулы болып тұруы морфологиялық тәсілмен емес, яғни сұраулық шылаулар немесе сұраулық есімдіктерсіз, тек дауыс ырғағымен берілген, ал қазір біздер олардың сұраулы тіркестер екендігін жазудағы сұрақ белгісі тұрғанын қарап білеміз [15, 176].

Зерттеу жұмысында А.Құнанбайұлының қара сөздері, соның ішінде сұраулы сөйлемдердің құрылымына тоқталдық. Сұраулы сөйлемдердің жиілігіне статистикалық талдау жасалып, А.Құнанбайұлы өзінің философиялық ойларын жеткізуде сұраулы сөйлемнің қай формаларын қолданатынын анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дәдебаев Ж. Абайдың көркемдік әлемі //Абай журналы, №2.– 2023. – 4-5 б.
- 2 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- 3 Пешковский А.М. Интонация және грамматика. Таңдаулы еңбектер. – М., 1959. – 252 б.
- 4 Юлдашева Х. Қазіргі өзбек әдеби тілінің сұраулы сөз тіркестерінің интонациясы (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). филол.ғылым. канд. ... автореферат. дис. – Ташкент, 1988. – 21 б.
- 5 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі.– Астана : Ер-Дәулет, 2007. – 126 б.
- 6 Аманжолов С., Әбілқабов А. Қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 2002. – 160 б.
- 7 Қазақ тілінің антологиясы. М. Серғалиев Синтаксистік зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 560 б.
- 8 Murugova, E. V. (2007). Interaction of Parts of Speech in the Process of Word-building. – Rostovon-Don, North Caucasian Centre of Postgraduate Education. - 460 p.
- 9 Skljarkova, N. G. (2006). Alternativeness as Language Universal: Thesis of PhD, Rostovon-Don. – 436 p.
- 10 Gorjian, B., Pazhakh, A., & Naghizadeh, M. (2012). Comparative Study of Conjunctive Adverbials (CAs) in Native Researchers' (NRs) and Non-Native Researchers' (NNRs) Experimental Articles. Advances in Asian Social Science, (1), 244-247.
- 11 Любопытнова В.С. Неміс тіліндегі сұраулы сөйлемдердің интонациясы. – Филол.ғылым. канд. ... дисс. – М. – 1952.
- 12 Джакубов И., Майриков Д., Омуралиев Б. Қырғыз тілі: Оқулық. 2 Б. Синтаксис. – Фрунзе: Мектеп. – 1985. – 157 б.
- 13 Нұрмаханова А.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1971.– 300 б.
- 14 Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; ред.алқасы: З.Ахметов, Л.М. Әуезова, Б.Г.Ерзакович т.б.). – Алматы: "Атамұра", 1995.– 720 б.
- 15 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, – 2014. – 580 б.

Материал 04.06.2024

Вопросительные предложения, использованные А.Кунанбайұлы: структурно-семантические особенности

Г.Т. Шаймерден¹, Н. Темур²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Гази университет, Анкара, 06000, Турция

В исследовательской работе рассмотрены структуры и семантические особенности вопросительных предложений, используемых в словах назидания великого казахского поэта, философа-мыслителя А. Кунанбайұлы. В творчестве Абая человечество занимает важное место. В своих назидательных словах А. Кунанбайұлы, углубляясь в разные стороны человеческого характера, душу и тело, любовь и неверность, человечность и невежество, истину и зло, демонстрирует положительные черты человека своему читателю, критикуя плохие качества. В произведениях поэта-мыслителя отражены взаимосвязь души и тела, функции воспитания и образования на пути психологического развития человека, а также отдельные проблемы детской психологии и общественной психологии (возрастные особенности личности человека, этика, образцовая деятельность, самовоспитание и др.).

А. Кунанбаевич часто использовал в изложении своих философских мыслей и донесении до читателя вопросительные виды предложений. Цель исследовательской работы – выявить структуры вопросительных предложений в словах назидания А. Кунанбайұлы, рассмотреть способы их создания, структурно-семантический характер. В исследовательской работе по поставленной цели вопросительные предложения рассматривались как отдельные синтаксические структуры, определялись их структурные особенности. Далее проанализированы способы составления вопросительных предложений, использованных в словах назидания А. Кунанбайұлы, дана статистика частоты употребления. Проанализировано, что вопросительное предложение выполняет функцию ожидания чужого ответа, используется для выяснения мнения слушающего, употребляется в смысле выражения мнения, предоставления информации, а также для передачи различных модальных значений.

Ключевые слова: А. Кунанбайұлы, слова, вопросительные предложения, вопросительные местоимения, вопросительные междометия, интонация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Дадебаев Ж. Художественный мир Абая // журнал Abai, №2. - 2023. - с. 4-5.
- 2 Калиев Г. Толковый словарь терминов языкознания. Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 с.
- 3 Пешковский А.М. Интонация и грамматика. Избранные труды. – М., 1959. – 252 с.
- 4 Юлдашева Х. Интонация вопросительных фраз современного узбекского литературного языка (экспериментально-фонетическое исследование). Автореф. дисс. ... канд.филол.наук. – Ташкент, 1988. – 21 с.
- 5 Балакаев М., Кордабаев Т. Современный казахский язык. – Астана: Ер-Даулет, 2007. – 126 с.
- 6 Аманжолов С., Абылкаев А. Казахский язык. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 2002. – 160 с.
- 7 Антология казахского языка. М. Сергалиев синтаксические исследования. - Павлодар: Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова, 2010. – 560 с.
- 8 С. Murugova, E. V. (2007). Interaction of Parts of Speech in the Process of Word-building. – Rostovon-Don, North Caucasian Centre of Postgraduate Education. – 460 p.
- 9 Skljárova, N. G. (2006). Alternativeness as Language Universal: Thesis of PhD, Rostovon-Don. – 436 p.
- 10 Gorjian, B., Pazhakh, A., & Naghizadeh, M. (2012). Comparative Study of Conjunctive Adverbials (CAs) in Native Researchers' (NRs) and Non-Native Researchers' (NNRs) Experimental Articles. Advances in Asian Social Science, (1), 244-247.
- 11 Любопытнова В.С. Интонация вопросительных предложений в немецком языке. Дисс. ... канд.филол.наук. – М. – 1952.
- 12 Джакубов И., Майриков Д., Омуралиев Б. Киргизский язык : Учебник Ч. 2. Синтаксис. – Фрунзе: Мектеп. – 1985. – 157 с.
- 13 Нурмаханова А. Н. Сравнительная грамматика тюркских языков. Алматы, 1971.– 300 с.
- 14 Абай. Энциклопедия. (Изд. Р. Н. Нургалиев; изд .З. Ахметов, Л. М. Ауэзова, Б. Г. Ерзакович и др.). – Алматы: Атамура, 1995. – 720 с.
- 15 Сыздыкова Р. Выражение слова Абая. Собрание многотомных произведений. – Алматы: Ел-шежире, – 2014.

Материал поступил в редакцию журнала 04.06.2024

Interrogative sentences used by A.Kunanbayuly: structural and semantic features
G.T. Shaimerden¹, N. Temur²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²Gazi University, Ankara, 06000, Turkey

The research paper examines the structures and semantic features of interrogative sentences used in the words of edification of the great Kazakh poet, philosopher-thinker A. Kunanbayuly. Humanity occupies an important place in Abai's work. In his edifying words, A. Kunanbayuly, delving into different sides of human character, soul and body, love and infidelity, humanity and ignorance, truth and evil, demonstrates positive human traits to his reader, criticizing bad qualities. The works of the poet-thinker reflect the relationship between soul and body, the functions of upbringing and education on the path of human psychological development, as well as individual problems of child psychology and social psychology (age characteristics of a person's personality, ethics, exemplary activity, self-education, etc.).

A. Kunanbaevich often used interrogative types of sentences in the presentation of his philosophical thoughts and in conveying to the reader. The purpose of the research work is to identify the structures of interrogative sentences in the words of A. Kunanbayuly's edification, to consider the ways of their creation, structural and semantic nature. In the research work on the set goal, interrogative sentences were considered as separate syntactic structures, their structural features were determined. Next, the methods of composing interrogative sentences used in the words of edification by A. Kunanbayuly are analyzed, and statistics on the frequency of use are given. It is analyzed that the interrogative sentence performs the function of waiting for someone else's answer, is used to clarify the listener's opinion, is used in the sense of expressing an opinion, providing information, as well as to convey various modal meanings.

Key words: A. Kunanbayuly, words, interrogative sentences, interrogative pronouns, interrogative interjections, intonation.

REFERENCES

- 1 Dadebaev Zh. Abaydyn korkemdik alemi [Abai's artistic world] //Abai magazine, No. 2, p. 4-5. (2023). [In Kazakh]
- 2 Kaliyev G. Til bilimi terminderinin tusindirme sozdigi. [An explanatory dictionary of linguistic terms]. (Almaty, 2005). [In Kazakh]
- 3 Peshkovsky A.M. Intonatsiya i grammatika. Izbrannyye trudy [Intonation and grammar. Selected works]. (Moscow, 1959) [in Russian]
- 4 Yuldasheva H. Intonatsiya voprositel'nykh fraz sovremennogo uzbekskogo literaturnogo yazyka (eksperimental'no-foneticheskoye issledovaniye) [Intonation of interrogative phrases in the modern Uzbek literary language (experimental phonetic study)] // [Author's abstract. diss. ...candidate of philological sciences] (Tashkent, 1988). [in Russian]
- 5 Balaqaev M., Qordabaev T. Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language] (Astana, 2007). [In Kazakh]
- 6 Amanzholov S., Abilqaev A. Qazaq tili. Sintaksis [Kazakh language. Syntax] (Almaty, 2002). [In Kazakh]
- 7 Qazaq tilinin antologiyasy. M. Sergaliev Sintaksistik zertteuler [An anthology of the Kazakh language. M. Sergaliev Syntax studies] (Pavlodar, 2010). [In Kazakh]
- 8 C.Murugova, E. V. Interaction of Parts of Speech in the Process of Word-building. [North Caucasian Centre of Postgraduate Education] (Rostovon-Don 2007). [in English]
- 9 Skljjarova, N. G. Alternativeness as Language Universal [Thesis of PhD] (Rostovon-Don, 2006) [in English]
- 10 Gorjian, B., Pazhakh, A., & Naghizadeh, M. Comparative Study of Conjunctive Adverbials (CAs) in Native Researchers' (NRs) and Non-Native Researchers' (NNRs) [Experimental Articles. Advances in Asian Social Science], (1), 244-247. (2012). [in English]
- 11 Lyubopytnova V.S. Intonatsiya voprositel'nykh predlozheniy v nemetskom yazyke [Intonation of interrogative sentences in German]. Diss. ... kand.filol.nauk. [Diss. ...candidate of philological sciences] (Moscow, 1952). [in Russian]

- 12 Dzhakubov I., Mayrikov D., Omuraliev B. Qyrğyz tili: Oqulıq. 2 B. Sintaksis [Kyrgyz language: Textbook. 2 B. Syntax.] (Frunze, 1985). [in Kyrgyz]
- 13 Nurmaxanova A.N. Turki tilderinin salystyrmaly grammatikasy [Comparative grammar of Turkic languages]. (Almaty, 1971). [In Kazakh]
- 14 Abay. Inciklopediya. (Bas red. R.N.Nurgaliev; red.alqasy: Z.Axmetov, L.M. Auezova, B.G.Erzakovic t.b.) [Abay. Encyclopedia] (Chief editor. R.N. Nurgaliev; editorial board: Z. Akhmetov, L.M. Auezova, B.G. Erzakovich, etc.). (Almaty, 1995). [In Kazakh]
- 15 Syzdyqova R. Abaydın soz ornegi. Koptomdıq shygarmalar zhinagy [Abai's expression. Multivolume collection of works] (Almaty, 2014). [In Kazakh]

Received: 04.06.2024